

Мемлекеттік кепілдіктер беру үшін инвестициялық жобаның техникалық-экономикалық негіздемесін әзірлеуге немесе түзетуге, сондай-ақ қажетті сараптамалар жүргізуге қойылатын талаптарды бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Экономикалық даму және сауда министрінің м.а. 2010 жылғы 6 тамыздағы № 136 Бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2010 жылғы 19 тамызда Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне N 6402 болып енгізілді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Ұлттық экономика министрінің 2025 жылғы 23 желтоқсандағы № 133 бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Ұлттық экономика министрінің 23.12.2025 № 133 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Ескерту. Тақырып жаңа редакцияда - ҚР Экономикалық даму және сауда министрінің 2012.02.01 № 36 Бұйрығымен.

Қазақстан Республикасының Бюджет кодексі 217-бабының 2-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық экономика министрінің 15.06.2021 № 63 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Қоса беріліп отырған Мемлекеттік кепілдіктер беру үшін концессиялық жобаның, инвестициялық жобаның техникалық-экономикалық негіздемесін әзірлеуге немесе түзетуге, сондай-ақ қажетті сараптамалар жүргізуге қойылатын талаптары бекітілсін.

2. "Бюджеттік инвестициялық жобаның және республикалық немесе жергілікті бюджеттерден қоса қаржыландыруды қажет ететін концессиялық жобаның техникалық-экономикалық негіздемесін әзірлеуге және сараптауға қойылатын талаптарды бекіту және Қазақстан Республикасының Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігінің кейбір шешімдерінің күші жойылды деп тану туралы" Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрінің міндетін атқарушының 2009 жылғы 2 наурыздағы № 30 бұйрығының күші жойылды деп танылсын (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5593 болып тіркелген).

3. Инвестициялық саясат департаменті (Б.К. Тортаев) мен Заң департаменті (Д.А. Ешімова) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын өзім бақылаймын.

5. Осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді.

*Министрдің
міндетін атқарушы*

Т. Сүлейменов

Қазақстан Республикасы
Экономикалық даму және сауда
Министрдің міндетін атқарушының
2010 жылғы 6 тамыздағы
№ 136 бұйрығымен бекітілген

Мемлекеттік кепілдіктер беру үшін инвестициялық жобаның техникалық-экономикалық негіздемесін әзірлеуге немесе түзетуге, сондай-ақ қажетті сараптамалар жүргізуге қойылатын талаптар

Ескерту. Талаптар жаңа редакцияда - ҚР Экономикалық даму және сауда министрінің 2012.02.01 № 36 Бұйрығымен.

1-тарау. Жалпы ережелер

Ескерту. 1-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық экономика министрінің 15.06.2021 № 63 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Осы Мемлекеттік кепілдіктер беру үшін инвестициялық жобаның техникалық-экономикалық негіздемесін әзірлеуге немесе түзетуге, сондай-ақ қажетті сараптамалар жүргізуге қойылатын талаптар (бұдан әрі - Талаптар) Қазақстан Республикасының Бюджет кодексінің 217-бабының 2-тармағына сәйкес әзірленген.

2. Осы Талаптар мемлекеттік кепілдіктер беру үшін инвестициялық жобаның техникалық-экономикалық негіздемесін (бұдан әрі – инвестициялық жобаның ТЭН) әзірлеу немесе түзету, сондай-ақ қажетті сараптамалар жүргізу кезінде сақталуы міндетті болып табылады.

3. Талаптарда мынадай негізгі түсініктер пайдаланылады:

1) инвестициялық жобаның ТЭН - маркетингтік, техникалық-технологиялық, әлеуметтік-экономикалық және экологиялық зерттеулердің нәтижелерін, сондай-ақ инвестициялық жобаны іске асыру тиімділігін негіздейтін қаржылық шешімдерді, инвестициялық жобаның қауіптерін және оларды азайту жөніндегі

шараларды бағалау, сондай-ақ жобаны іске асыру барысында оның тұтастай алғанда экономика мен оның салаларына әлеуметтік-экономикалық дамуына әсері жөніндегі шешімдерді қамтитын жоба алдындағы құжаттама;

2) инвестициялық жоба ТЭН-інің экономикалық сараптамасы - жобаны іске асыру тиімділігін айқындауға мүмкіндік беретін инвестициялық жобаның ТЭН-інде келтірілген экономикалық және қаржылық талдауды бағалау.

4. Қазақстан Республикасының мемлекеттік кепілдігімен мемлекеттік емес қарыз қаражаты есебінен қаржыландыруға ұсынылатын инвестициялық жобаның ТЭН-і Қазақстан Республикасының мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті органына қағаз және электрондық жеткізгіште:

1) автомобиль жолының ақауларын алдын алу және жою, сондай-ақ көліктік-пайдалану сапасын қалпына келтіру және жақсарту жөніндегі жұмыстар кешені жөніндегі инвестициялық жобаларды (бұдан әрі – автомобиль жолын қалпына келтіру жөніндегі инвестициялық жоба) қоспағанда, егер жоба бойынша құрылыс (құрылыс-монтаж) жұмыстарын жүргізу болжанған жағдайда "Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 1-бабының 39-1) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі уәкілеттік берген заңды тұлға (бұдан әрі – Заңды тұлға) жүзеге асыратын ведомстводан тыс кешенді сараптаманың оң қорытындысы;

2) мынадай ақпараттың:

саланың одан әрі дамуына әсер ететін оның ағымдағы жай-күйінің проблемаларын және жобаның мақсаттарына, саладағы бар проблемалар бойынша шешімдерге сәйкестігін;

инвестициялық жобаның ТЭН-інде көрсетілген схема бойынша жобаны іске асырудың орындылығы мен мүмкіндіктерін;

жобаның Мемлекеттік жоспарлау жүйесінің құжаттарына сәйкестігін;

жобаны іске асырудың балама нұсқаларын;

жобаны іске асыру кезінде ұсынылатын шығындарды өтеу көздерін бағалаудың оң нәтижелерін қамтитын тиісті саланың уәкілетті органы сараптамасының қорытындысы;

3) инвестициялық жобаның ТЭН-ін мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органға енгізу алдындағы соңғы үш жылдағы бірінші басшының және бас бухгалтердің мөрі және қолы қойылған қарыз алушының қаржылық есептілігі (жеке және шоғырландырылған), сондай-ақ қаржылық есептілікке түсіндірме жазбалар қоса ұсынылады. Қазақстан Республикасының аудиторлық қызмет туралы заңнамасына сәйкес қаржылық есептілік аудиті міндетті болып табылатын қарыз алушылар үшін аудиттелген қаржылық есептілік және соңғы үш жылда жасалған аудиторлық есептер қоса ұсынылады;

4) жұмыстарды жүргізу қажеттілігін құжаттамалық-техникалық растауды қоса беру арқылы сатып алынатын материалдар мен негізгі құралдардың, жұмыстардың құны мен саны көрсетіле отырып, инвестициялық жобаны іске асыруға арналған шығындарды растайтын құжаттар (автомобиль жолын қалпына келтіру жөніндегі инвестициялық жобаны ұсынған кезде) қоса беріле отырып, ұсынылады.

Қазақстан Республикасының мемлекеттік кепілдігімен мемлекеттік емес қарыздар қаражаты есебінен қаржыландыруға ұсынылатын автомобиль жолдарын қалпына келтіру жөніндегі инвестициялық жобаның ТЭН-іне салалық мемлекеттік органның бірінші басшысы не оны алмастыратын адам және қарыз алушының бірінші басшысы қол қояды.

Ескерту. 4-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Ұлттық экономика министрінің 31.05.2024 № 27 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

4-1. Осы Талаптардың ережесі концессионерлер қызметін мемлекеттік қолдау шаралары ретінде концессиялық жобаларды қаржыландыру үшін тартылатын қарыздар бойынша Қазақстан Республикасының мемлекеттік кепілдігін беру болжанып отырған концессиялық жобалардың ТЭН-іне қолданылмайды.

Концессионерлер қызметін мемлекеттік қолдау шаралары ретінде концессиялық жобаларды қаржыландыру үшін тартылатын қарыздар бойынша Қазақстан Республикасының мемлекеттік кепілдігін беру болжанып отырған концессиялық жобалардың ТЭН-ін әзірлеу немесе түзету, сондай-ақ қажетті сараптамалар жүргізу Қазақстан Республикасының концессиялар туралы заңнамасында белгіленген талаптарға сәйкес жүзеге асырылады.

Ескерту. 1-тарау 4-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Экономика және бюджеттік жоспарлау министрінің 24.09.2013 № 293 бұйрығымен.

4-2. Жобаны іске асыру үшін, оның ішінде мемлекеттік кепілдік берілген бұрын тартылған мемлекеттік емес қарызды өтеу үшін мемлекеттік кепілдікпен жаңа мемлекеттік емес қарызды тарту инвестициялық жобаның ТЭН-ін түзету және жаңа ТЭН әзірлеу үшін негіз болып табылмайды.

Бұрын мемлекеттік кепілдік берілген инвестициялық жобалар бойынша мемлекеттік кепілдікпен мемлекеттік емес қарыз тартылған, сондай-ақ тиісті қорытындылар берілген инвестициялық жобаның ТЭН негізінде мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органның қорытындысы беріледі.

Бұл ретте, қарыз алушы ішкі нарықта мемлекеттік кепілдікпен мемлекеттік емес қарыз тартылғаннан кейін бір ай ішінде мемлекеттік кепілдікпен бұрын тартылған қарызды толық көлемде өтеуді жүзеге асырады.

Қазақстан Республикасы Бюджет кодексінің 216-бабына сәйкес бекітілетін, тиісті жылдың мемлекеттік кепілдіктерімен мемлекеттік емес қарыздардың

қаражаты есебінен қаржыландыруға ұсынылатын инвестициялық жобалардың тізбесіне енгізу үшін мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органның қорытындысы негіз болып табылады.

Ескерту. 1-тарау 4-2-тармақпен толықтырылды – ҚР Ұлттық экономика министрінің 27.05.2019 № 43; жана редакцияда - ҚР Ұлттық экономика министрінің 15.06.2021 № 63 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

2-тарау. Қазақстан Республикасының мемлекеттік кепілдігімен мемлекеттік емес қарыз қаражаттары есебінен қаржыландыруға ұсынылған инвестициялық жобаның ТЭН-ін әзірлеуге немесе түзетуге қойылатын талаптар

Ескерту. 2-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық экономика министрінің 15.06.2021 № 63 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

5. Алып тасталды - ҚР Экономика және бюджеттік жоспарлау министрінің 24.09.2013 № 293 бұйрығымен.

6. Инвестициялық жобаның ТЭН-ін әзірлеудің мақсаты оңтайлы жобалық шешімдер, оның ішінде, жобаның барынша оңтайлы құрылымы мен ауқымын, жобаны іске асыру шеңберінде көзделетін барынша орынды маркетингтік, техникалық-технологиялық, қаржылық, институционалдық, экологиялық, экономикалық және басқа да шешімдер бойынша ұсыныстарды әзірлеу болып табылады.

Бұл тармақ қорғаныс, қауіпсіздік пен құқықтық тәртіпті қамтамасыз ету мұқтаждарына арналған әскери мақсаттағы тауарларды (өнімдерді), қосарланған мақсаттағы (қолданыстағы) тауарларды (өнімдерді), әскери мақсаттағы жұмыстарды және әскери мақсаттағы көрсетілетін қызметтерді импорттау кезіндегі инвестициялық жобаларға қолданылмайды.

Ескерту. 6-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық экономика министрінің м.а. 21.07.2021 № 70 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

7. Инвестициялық жобаның ТЭН-і егер ол осы Талаптарға сәйкес болмаған жағдайда пысықтауға қайтарылады.

8. Қорғаныс, қауіпсіздік пен құқықтық тәртіпті қамтамасыз ету мұқтаждарына арналған әскери мақсаттағы тауарларды (өнімдерді), қосарланған мақсаттағы (қолданылатын) тауарларды (өнімдерді), әскери мақсаттағы жұмыстарды және әскери мақсаттағы көрсетілетін қызметтерді импорттау кезіндегі инвестициялық жобаларды қоспағанда, инвестициялық жобалардың ТЭН-і мынадай құрылымға сәйкес келеді:

жобаның паспорты;

кіріспе;
институционалдық бөлім;
маркетингтік бөлім;
техникалық-технологиялық бөлім;
экологиялық бөлім;
қаржылық бөлім;
әлеуметтік-экономикалық бөлім;
тәуекелдерді бағалау және бөлу;
жоба бойынша тұжырымдар;
қосымшалар (қажет болған жағдайда).

Ескерту. 8-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Ұлттық экономика министрінің 31.05.2024 № 27 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

8-1. Қорғаныс, қауіпсіздік пен құқықтық тәртіпті қамтамасыз ету мұқтаждарына арналған әскери мақсаттағы тауарларды (өнімдерді), қосарланған мақсаттағы (қолданыстағы) тауарларды (өнімдерді), әскери мақсаттағы жұмыстарды және әскери мақсаттағы көрсетілетін қызметтерді импорттау кезіндегі инвестициялық жоба ТЭН-інің мынадай құрылымға сәйкес болуға тиіс:

жобаның паспорты;
кіріспе;
институционалдық бөлім;
техникалық-технологиялық бөлім;
қаржылық бөлім;
қауіптерді бағалау және бөлу;
жоба бойынша тұжырымдар.

Ескерту. Талаптар 8-1-тармақпен толықтырылды – ҚР Ұлттық экономика министрінің м.а. 21.07.2021 № 70 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

8-2. Автомобиль жолын қалпына келтіру жөніндегі инвестициялық жобаның ТЭН-і мынадай құрылымға сәйкес келеді:

жобаның паспорты;
кіріспе;
институционалдық бөлім;
техникалық-технологиялық бөлім;
экологиялық бөлім;
қаржылық бөлім;
әлеуметтік-экономикалық бөлім;
тәуекелдерді бағалау және бөлу;
жоба бойынша тұжырымдар;

қосымшалар (қажет болған жағдайда).

Ескерту. Талаптар 8-2-тармақпен толықтырылды – ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Ұлттық экономика министрінің 31.05.2024 № 27 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

9. Жобаның ерекшелігіне байланысты инвестициялық жобаның ТЭН-і шеңберінде қабылданған шешімдерді егжей-тегжейлі ашуға және негіздеуге мүмкіндік беретін қосымша бөлімдер қосылады.

10. Жобаның паспортында жоба туралы қысқаша ақпарат ашып көрсетіледі.

Жобаның паспортында мынадай ақпарат қамтылды:

инвестициялық жобаның ТЭН-іне тапсырыс беруші – қарыз алушының (инвестициялық жобаға өтінім берушінің) атауы;

инвестициялық жобаның ТЭН-ін әзірлеушінің атауы;

жобаның атауы;

жобаны іске асыру орны;

жобаның мақсаты мен міндеттері, оның ішінде сандық мәндегі мақсаты мен міндеттері;

жобаның ауқымы;

жобаның қуаты;

жобаны іске асыру кезеңі;

объектіні салу кезеңі немесе автомобиль жолын қалпына келтіру жөніндегі инвестициялық жобаны іске асыру кезеңі;

объектінің пайдаланылу кезеңі;

инвестициялық жобаның ТЭН-і шеңберінде есептеулер үшін қабылданған жобаның ұлттық валютадағы және шетелдік валютадағы жоспарланған жалпы құны, оның ішінде:

инвестициялық шығыстар;

пайдалану шығыстары;

өзге де шығыстар;

жобаны қаржыландырудың болжамды көздері;

жобаны іске асырудан негізгі пайда алушылар.

Ескерту. 10-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Ұлттық экономика министрінің 31.05.2024 № 27 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

11. "Кіріспе" бөлімінде жобаны іске асыру арқылы шешу жоспарланған саланың (өңірдің) проблемасы сипатталады, сондай-ақ осы проблеманы, оның ішінде технологиялық, институционалдық, қаржылық шешімдер бойынша проблемаларды шешудің балама нұсқалары көрсетіледі.

12. Институционалдық бөлімде жобаның барлық тіршілік циклінің ішінде оны басқарудың ұсынылған оңтайлы сызбасы, жобаның қатысушылары және олардың функциялары, олардың өзара іс-қимыл тәртібі сипатталады.

Сондай-ақ осы бөлімде институционалдық шешімдер бойынша жобаны іске асырудың балама нұсқаларына салыстырмалы талдау жүргізіледі.

13. Маркетингтік бөлімі жобаны іске асыру нәтижесінде түзілетін өнімге (тауарларға/қызметтерге) сұраныстың және өндірістің тұтыну факторларын ұсынудың қазіргі кездегі және болжамды (жобаны іске асыру кезеңіндегі) конъюнктурасын талдауды қамтиды.

Бөлім мыналарды қамтиды:

сұраныстың сандық параметрлерін, оның үрдістерін талдау және негіздеу немесе жоба шеңберінде өндіру жоспарланған өнімге (тауарға/қызметке) қажеттілікті бағалау;

тұтынушылар санаты бойынша саладағы (өңірдегі) ағымдағы жағдайды ескере отырып, жүргізілетін өнімнің (тауардың/қызметтің) көлемін, түрлерін және бағасын талдау;

тұтынушылар санаты бойынша жобаны іске асыру нәтижесінде жүргізілетін өнімнің (тауардың/қызметтің) көлемін, түрлерін және бағасын талдау;

концессиялық жобаны іске асыру үшін қажетті шикізаттар, материалдар, жабдықтар нарығын талдау, оның ішінде өндірушілер мен жеткізушілер, бағалар, сапа және өнімді жеткізу шарттары бойынша салыстырмалы талдау;

инвестициялық, сондай-ақ инвестициядан кейінгі кезеңде жобаның тиісті біліктілігі бар мамандармен қамтамасыз етілуін талдау, қажет болған жағдайда, шет елдік мамандарды тарту негіздемесі.

Әрбір кіші бөлімде, қолданылған ақпарат көздері және өткізілген маркетингтік зерттеулер бойынша есеп қоса берілген маркетингтік зерттеулер жүргізу әдістемесі көрсетіледі.

14. Техникалық-технологиялық бөлім инвестициялық жобаның ТЭН-і шеңберінде қабылданған, жобаның параметрлері мен компоненттерін айқындайтын, жобаны іске асырудың техникалық-технологиялық шешімдерін қамтиды.

Бөлім мыналарды қамтиды:

жобаны іске асырудың таңдалған оңтайлы нұсқасының негіздемесімен техникалық-технологиялық шешімдердің сипаттамасы және салыстырмалы талдауы;

жобаның іске асыру орнын шикізатты, материалдарды, жабдықтарды әлеуетті, өнімдерді (тауарларды/қызметтерді) тұтынушылардың көздеріне және орналасқан жерлеріне және өңірдің географиялық ерекшеліктерін ескере отырып көлік магистраліне жақындығына қатысты негіздеме;

қабылданған техникалық-технологиялық шешімдерді ескере отырып жобаның қуаттылығының есепті негіздемесі;

жобаны іске асыру көзделетін өңірдің инфрақұрылымына жобаның әсерін бағалау;

таңдалған жобалық жабдықтардың негіздемесі, оның ішінде қазіргі қолданыстағы жабдықтармен технологиялық үйлесімдігі (егер жобаны іске асыру шеңберінде мұндай болжанған болса), "баға-сапа" оңтайлы қатынасы, жабдықты таңдау жөніндегі балама нұсқалар, инновациялық жабдықтарды қолдану, ноу-хауды пайдалану, жобада сапа стандарттарын, жобаға қойылатын техникалық және технологиялық талаптарды белгілейтін нормативтік құжаттарды қолдану;

еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы нормалары;

қолда бар көлік кіреберістерін және құралдарын, энергиямен, жылумен, сумен жабдықтауды және кәрізді ескере отырып, жобаны іске асырудың инженерлік құрылыстармен қамтамасыз етілуі, сондай-ақ қоймалық үй жайлармен қамтамасыз етілуі;

жоба бойынша уақыт ішіндегі іс-шаралардың бірізділігі мен ұзақтығы графикалық түрде көрсетілген, концессияға беруге ұсынылған объектіні құру/қайта жаңғырту мерзімін, оны іске асыру жылдары бойынша және технологиялық кезеңдері бойынша пайдалану мерзімін көрсететін жобаны іске асыру кестесі (жоспар-кесте);

жоба бойынша техникалық-технологиялық шешімдерді таңдау кезінде, бірінші кезекте, экологияға ең аз теріс әсері бар және жобаны іске асырудан үлкен әлеуметтік-экономикалық тиімділік көрсететін шешімдер таңдалады.

14-1. Қорғаныс, қауіпсіздік пен құқықтық тәртіпті қамтамасыз ету мұқтаждарына арналған әскери мақсаттағы тауарларды (өнімдерді), қосарланған мақсаттағы (қолданыстағы) тауарларды (өнімдерді), әскери мақсаттағы жұмыстарды және әскери мақсаттағы көрсетілетін қызметтерді импорттау кезіндегі инвестициялық жоба ТЭН-інің техникалық-технологиялық бөлімі мыналарды қамтиды:

техникалық-технологиялық шешімдердің сипаттамасы;

әскери/қосарланған мақсаттағы (қолданыстағы) объектіні/тауарларды (өнімдерді) құру/реконструкциялау/сатып алу және оны жылдар бойынша пайдалану кезеңін көрсететін жобаны іске асыру мерзімдері.

Бұл бөлім орталық және арнаулы мемлекеттік органдардың салалық сараптама қорытындыларымен расталады.

Ескерту. Талаптар 14-1-тармақпен толықтырылды – ҚР Ұлттық экономика министрінің м.а. 21.07.2021 № 70 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

14-2. Автомобиль жолын қалпына келтіру жөніндегі инвестициялық жобаның ТЭН-і шеңберінде техникалық-технологиялық бөлімде:

жобаны іске асырудың таңдалған оңтайлы нұсқасы негізделе отырып, техникалық-технологиялық шешімдердің сипаттамасы;

қабылданған техникалық-технологиялық шешімдер ескеріле отырып, жобаның сипаттамасы, жоба қуатының сипаттамасы;

жобаны іске асыру болжанатын өңірдің инфрақұрылымына жобаның әсерін бағалау;

жобаны іске асыру графигі қамтылады.

Жоба бойынша техникалық-технологиялық шешімдерді таңдау кезінде, ең алдымен, экологиялық теріс әсері ең төмен немесе экологиялық теріс әсері жоқ, сондай-ақ жобаны іске асырудың әлеуметтік-экономикалық әсері ауқымды болатын шешімдер таңдалады.

Ескерту. Талаптар 14-2-тармақпен толықтырылды – ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Ұлттық экономика министрінің 31.05.2024 № 27 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

15. Экологиялық бөлім мыналарды қамтиды:

жобаның қоршаған орта жай-күйіне әсерін бағалау, жобаны іске асырудан келетін экологиялық залалды сандық бағалау және оның зиянды әсерін азайту жөніндегі болжамды іс-шаралар;

өңірдегі, сонымен бірге жалпы Қазақстан Республикасындағы экологиялық жағдайды жақсарту үшін жобада болжанған іс-шаралар және сандық мәндегі олардың нәтижелері.

Қоршаған ортаға әсерді бағалау қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган бекітетін қоршаған ортаға әсерді бағалауды жүргізу жөніндегі нұсқаулық-әдістемелік құжаттарға сәйкес жүргізіледі.

15-1. Автомобиль жолын қалпына келтіру жөніндегі инвестициялық жоба ТЭН-інің экологиялық бөлімінде:

жобаның қоршаған ортаның жай-күйіне әсерін бағалау, жобаны іске асырудан болатын экологиялық залалды сандық тұрғыдан бағалау және оның зиянды әсерін азайту жөніндегі болжамды іс-шаралар;

өңірдегі, сонымен бірге жалпы Қазақстан Республикасындағы экологиялық жағдайды жақсарту үшін жобада болжанған іс-шаралар және сандық мәндегі олардың нәтижелері қамтылады.

Жобаның ТЭН-інде қоршаған ортаға әсерді бағалау қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган бекітетін қоршаған ортаға әсерді бағалауды жүргізу жөніндегі нұсқаулық-әдістемелік құжаттарға сәйкес жүргізіледі.

Ескерту. Талаптар 15-1-тармақпен толықтырылды – ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Ұлттық экономика министрінің 31.05.2024 № 27 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

16. Қаржылық бөлімде Мемлекеттік кепілдік беру негіздемесі есептеулерінде ұсынылатын коэффициенттер тізбесіне сай осы бұйрыққа Қосымшаға сәйкес жобаны қаржыландырудың балама схемалары мен көздерін ескере отырып, қаржылық пайдалар мен шығындарды, жобаның іске асырылуына инфляцияның әсерін талдау, жобаның қаржылық тиімділігін бағалау келтіріледі, инвестициялық жобаның ТЭН-і шеңберінде қабылданған қаржылық шешімдер ашылады.

Бұл бөлім мыналарды қамтиды:

жалпы инвестициялық шығасылардың есебі;

пайдалану шығасыларының есебі (өндірістік шығасылар, ұстауға арналған ағымдағы шығыстар);

өнімдердің (тауарлардың/көрсетілетін қызметтердің) өзіндік құнының, тауарлардың өткізу бағаларының (көрсетілетін қызметтер тарифтерінің) есебі;

сатудан түсетін кірістердің есебі;

ақша қаражаттары ағынының есебі;

бөлінбеген пайда мен таза пайда есебі;

инфляцияны, валюта бағамын есепке алу, дисконт нормасын және тәуекел түзетулерінің анықтамасы;

ең аз шығындарды талдау;

ең көп пайданы талдау;

дисконттау әдістерінің көмегімен жобаны талдау, оның ішінде таза келтірілген құнның есебін (Net Present Value - NPV), кірістіліктің ішкі нормасын (Internal Rate of Return, IRR), дисконтталатын пайдалар мен шығындардың, дисконтталатын ақталу мерзімінің қатынасын талдау;

жобаны қаржыландыру үшін қарыз қаражатын тартудың қолайлы параметрлерін айқындау;

пайдалану шығыстарын мұндай шығыстарды кім және қашан қаржыландыратынын айқындай отырып, қаржыландыру көздері;

қарыз алушының қаржылық жағдайын, оның ішінде қарыз алушының қаржылық есептілігін көлденеңнен және тігінен талдау, сондай-ақ, осы Талаптарға қосымшаға сәйкес қарыз алушының коэффициенттік талдауы;

жобаның сезімталдығын талдау және шығынсыздық шекарасын есептеу.

Ескерту. 16-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық экономика министрінің м.а. 15.12.2015 № 775 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

16-1. Қорғаныс, қауіпсіздік пен құқықтық тәртіпті қамтамасыз ету мұқтаждарына арналған әскери мақсаттағы тауарларды (өнімдерді), қосарланған мақсаттағы (қолданыстағы) тауарларды (өнімдерді), әскери мақсаттағы жұмыстарды және әскери мақсаттағы көрсетілетін қызметтерді импорттау кезіндегі инвестициялық жоба ТЭН-інің қаржылық бөлімі мыналарды қамтиды:

сатып алынатын әскери мақсаттағы тауарлардың (өнімдердің), қосарланған мақсаттағы (қолданыстағы) тауарлардың (өнімдердің), әскери мақсаттағы жұмыстардың және әскери мақсаттағы көрсетілетін қызметтердің құнын сипаттау;

жалпы инвестициялық шығындардың сипаттамасы;

қарыз тарту шарттарының сипаттамасы.

Бұл бөлім орталық және арнаулы мемлекеттік органдардың салалық сараптама қорытындысымен расталады.

Ескерту. Талаптар 16-1-тармақпен толықтырылды – ҚР Ұлттық экономика министрінің м.а. 21.07.2021 № 70 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

16-2. Автомобиль жолын қалпына келтіру жөніндегі инвестициялық жоба ТЭН-інің қаржылық бөлімінде:

қарыз алушының қаржылық жағдайын талдау, оның ішінде қарыз алушының қаржылық есептілігін деңгейлес және сатылас талдау;

жобаны қаржыландыру үшін қарыз қаражатын тартудың қолайлы параметрлерін айқындау;

пайдалану шығыстарын кім және қашан қаржыландыратыны айқындала отырып, мұндай шығыстарды қаржыландыру көздері қамтылады.

Ескерту. Талаптар 16-2-тармақпен толықтырылды – ҚР Ұлттық экономика министрінің м.а. 21.07.2021 № 27 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

17. Әлеуметтік-экономикалық бөлімде жобаның әлеуметтік-экономикалық аспектілері және жобаны іске асырудан түсетін пайда көрсетіледі.

Бұл бөлім мыналарды қамтиды:

1) саладағы (өңірдегі) және Қазақстан Республикасындағы қазіргі әлеуметтік-экономикалық жағдайды және жобасыз оның даму перспективаларын талдау, оның ішінде:

негізгі әлеуметтік көрсеткіштер (халықтың табыс деңгейі, жұмыссыздық, жұмыспен қамтылу, өлім, туылу деңгейі және т.б.);

негізгі салалық (өңірлік) көрсеткіштер (өнімдерді (тауарларды/қызметтерді) өндіру көлемі), жалпы ішкі өнім құрылымындағы саланың (өңірдің) үлесі, салаға (өңірге) жасалған инвестициялардың көлемі және олардың жоспарланатын мерзімдегі үрдістері);

нәтижелер, салдар мен әсер етулер, көбейтілген пайда мен шығындар, тұтынушының қосымша пайдасын, қалпына келмейтін шығындар, сыртқы әсерлер, халықаралық әсерлер, жобаны іске асырудан түсетін жанама пайданың талдауын қамтитын жоба бойынша пайда мен шығындар;

2) ағымдағы бағалар мен өткен жылдың салыстырмалы бағаларындағы тура, жанама және жиынтықтық макроэкономикалық әсердің есебі:

таза қоғамдық пайда, экономикалық таза келтірілген табыстың (Economic net present value – ENPV), табыстылықтың экономикалық ішкі нормасының (Economic Internal Rate of Return – EIRR) көрсеткіштерін есептеу;

жобаны іске асырудың аралас салалардың (көрші өңірлердің) дамуына әсерін тигізу;

жобаның Қазақстан Республикасының экспорттық әлеуетінің өсуіне және импортты алмастыруға, инновациялардың дамуына әсерін тигізу.

17-1. Автомобиль жолын қалпына келтіру жөніндегі инвестициялық жоба ТЭН-інің әлеуметтік-экономикалық бөлімінде жоба іске асырылған жағдайда саладағы (өңірдегі) және Қазақстан Республикасындағы әлеуметтік-экономикалық ахуалдың даму перспективаларын талдау қамтылады, оның ішінде:

негізгі салалық (өңірлік) көрсеткіштер (өнім (тауар/көрсетілетін қызмет) өндірісінің көлемі, жалпы ішкі өнім құрылымындағы саланың (өңірдің) үлесі, салаға (өңірге) инвестициялардың көлемі және олардың жоспарланатын кезеңдегі үрдістері);

нәтижелерді, салдар мен әсерлерді, өсірілген пайда мен шығындарды, тұтынушының қосымша пайдасын, қайтымсыз шығасыларды, сыртқы әсерлерді, халықаралық әсерлерді, жобаны іске асырудың жанама пайдасын талдауды қамтитын жоба бойынша пайда мен шығындарды талдау;

объектіні пайдалану кезінде мемлекеттік бюджетке жоспарланатын салық түсімдері;

жобаны іске асырудың аралас салаларды (көршілес өңірлерді) дамытуға әсері – мультипликативтік әсерді талдау.

Ескерту. Талаптар 17-1-тармақпен толықтырылды – ҚР Ұлттық экономика министрінің м.а. 21.07.2021 № 27 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

18. "Қауіптерді бағалау және бөлу" бөлімінде жобаны іске асыру кезінде, оның ішінде дайындық кезеңінде, концессия объектісін салу/қайта жаңғырту және оны пайдалану кезеңінде басталуы мүмкін қауіптер сипатталады.

Бұл бөлім мыналарды қамтиды:

коммерциялық қауіптерді бағалау;

әлеуметтік қауіптерді бағалау;

экономикалық қауіптерді бағалау;
техникалық қауіптерді бағалау;
қаржылық қауіптерді бағалау;
концессионер және концедент үшін ерекше қауіптерді бағалау;
қауіптердің негізгі факторларын белгілеуші, олардың болжамды сипаттамасы және өзгеру диапазондары, оларды азайту жөніндегі болжамды іс-шаралар;
қауіптерді жобаға қатысушылар арасында бөлуді талдау;
белгісіздік жағдайындағы талдау, оның ішінде негізгі параметрлер бойынша (өткізу көлемі, өткізу бағасы, тікелей шығындар) сезімталдықты талдау, оның ішінде параметр өзгеруінің шекті рұқсат етілген мәндерін айқындау;

Қауіптерді бағалау сандық және сапалық талдау әдісімен жүргізіледі.

18-1. Қорғаныс, қауіпсіздік пен құқықтық тәртіпті қамтамасыз ету мұқтаждарына арналған әскери мақсаттағы тауарларды (өнімдерді), қосарланған мақсаттағы (қолданыстағы) тауарларды (өнімдерді), әскери мақсаттағы жұмыстарды және әскери мақсаттағы көрсетілетін қызметтерді импорттау кезіндегі инвестициялық жоба ТЭН-інің "Тәуекелдерді бағалау және бөлу" бөлімі мыналарды қамтиды:

техникалық тәуекелдерді бағалау;
қаржылық тәуекелдерді бағалау.

Бұл бөлім орталық және арнаулы мемлекеттік органдардың салалық сараптама қорытындысымен расталады.

Ескерту. Талаптар 18-1-тармақпен толықтырылды – ҚР Ұлттық экономика министрінің м.а. 21.07.2021 № 70 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

18-2. Автомобиль жолын қалпына келтіру жөніндегі инвестициялық жоба ТЭН-інің "Тәуекелдерді бағалау және бөлу" бөлімінде:

әлеуметтік тәуекелдерді бағалау;
техникалық тәуекелдерді бағалау;
қаржылық тәуекелдерді бағалау;

жобаға қатысушылар үшін тәуекелдердің негізгі факторларын, болжамды сипаты мен олардың өзгеру ауқымын, оларды төмендету жөніндегі болжамды іс-шараларды айқындайтын ерекше тәуекелдерді бағалау қамтылады.

Ескерту. Талаптар 18-2-тармақпен толықтырылды – ҚР Ұлттық экономика министрінің м.а. 21.07.2021 № 27 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

19. "Жоба бойынша қорытынды" бөлімінде мыналар сипатталады:

жоба бойынша негізгі артықшылықтар мен кемшіліктер;

жобаны іске асырудың оңтайлы нұсқасы;

жоба бойынша ауыспалы қауіптер және оларды азайту жөніндегі шаралар.

20. Инвестициялық жобаның ТЭН-і концессиялық жобаның ТЭН-інде келтірілген ақпаратты растайтын және ашатын жобаны іске асырудың қарастырылатын нұсқаларының (жобаны қаржыландыру көздері бойынша) әрқайсысы бойынша қаржылық-экономикалық үлгілерден, графиктерден, диаграммалардан, суреттерден, жергілікті жердің карталарынан тұратын қосымшаны қамтиды.

3-тарау. Инвестициялық жобаның ТЭН-ін сараптауға қойылатын талаптар

Ескерту. 3-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық экономика министрінің 15.06.2021 № 63 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

21. Қорғаныс мұқтаждарына, қауіпсіздік пен құқықтық тәртіпті қамтамасыз етуге арналған әскери мақсаттағы тауарларды (өнімдерді), қосарланған мақсаттағы (қолданыстағы) тауарларды (өнімдерді), әскери мақсаттағы жұмыстарды және әскери мақсаттағы көрсетілетін қызметтерді импорттау кезіндегі инвестициялық жобаны қоспағанда, инвестициялық жоба ТЭН-не экономикалық сараптама (бұдан әрі – инвестициялық жоба сараптамасы) мынадай қағидаттарды басшылыққа ала отырып жүргізіледі:

жобаның нәтижелілігі – оны жүзеге асыру тиімділігінің оң болуы, яғни жинақталатын нәтижелер бағасының жобаны іске асыру үшін талап етілетін жиналған шығындар бағасынан асып кетуі;

барабарлық және объективтілік – дұрыс емес және белгісіздік дәрежесі ескеріле отырып қаралатын жобаға қатысты объектінің құрылымын және сипаттамасын дұрыс көрсету;

жинақтылық – экономикалық, сондай-ақ әлеуметтік, экологиялық және басқа да экономикадан тыс салаларда жобаны іске асырудың әртүрлі салдарларын есепке алу және нәтижелер мен шығындардың тиісті түрлері мен шамаларын айқындау;

жекелік – әрбір қатысушы тұрғысынан жобаның тиімділігін бағалау;

келісілгендік – инвестициялық жоба ТЭН-інің әртүрлі бөлімдерінде көрсетілген және құжаттарда келтірілген деректер мен ақпараттар өзара келісіледі;

негізділік – инвестициялық жобаның ТЭН-інің шеңберінде қабылданған шешімдер негізделген болып табылады;

дұрыстық – инвестициялық жоба ТЭН-інің бөлімдерінде көрсетілген ақпараттар мен деректер инвестициялық жоба ТЭН-інің басқа сараптама қорытындыларында расталған, сондай-ақ құжаттар мен есептемелерде келтірілген;

есептеменің дұрыстығы – есептеу тәртібі және алынған көрсеткіштер дұрыс болып табылады.

Ескерту. 21-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық экономика министрінің м.а. 21.07.2021 № 70 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

22. Қорғаныс, қауіпсіздік пен құқықтық тәртіпті қамтамасыз ету мұқтаждарына арналған әскери мақсаттағы тауарларды (өнімдерді), қосарланған мақсаттағы (қолданылатын) тауарларды (өнімдерді), әскери мақсаттағы жұмыстарды және әскери мақсаттағы көрсетілетін қызметтерді импорттау кезіндегі, сондай-ақ автомобиль жолын қалпына келтіру жөніндегі инвестициялық жобаларды қоспағанда, инвестициялық жобаның сараптамасы ұсынылған инвестициялық жоба ТЭН-інің, инвестициялық жобаның ТЭН-ін енгізу алдындағы қарыз алушының соңғы үш жылдағы қаржылық есептілігінің және жобаның ерекшелігіне байланысты инвестициялық жобаның ТЭН-іне жүргізілуге қажетті тиісті оң сараптамалардың, атап айтқанда:

1) егер жоба бойынша құрылыс (құрылыс-монтаж) жұмыстарын жүргізу болжанған жағдайда Қазақстан Республикасының Үкіметі уәкілеттік берген Заңды тұлға жүзеге асыратын ведомстводан тыс кешенді сараптаманың;

2) тиісті саланың уәкілетті органы сараптамасының негізінде жүргізіледі.

Ескерту. 22-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Ұлттық экономика министрінің 31.05.2024 № 27 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

23. Қорғаныс мұқтаждарына, қауіпсіздік пен құқықтық тәртіпті қамтамасыз етуге арналған әскери мақсаттағы тауарларды (өнімдерді), қосарланған мақсаттағы (қолданыстағы) тауарларды (өнімдерді), әскери мақсаттағы жұмыстарды және әскери мақсаттағы көрсетілетін қызметтерді импорттау кезіндегі инвестициялық жобаны қоспағанда, инвестициялық жоба сараптамасының қорытындысы мыналарды қамтуға тиіс:

Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасы шеңберінде жобаның іске асырылуын талдау;

жобаны іске асырудың әлеуметтік-экономикалық тиімділігін талдау;

жобаны іске асырудың коммерциялық тиімділігін талдау;

мемлекеттік кепілдіктер бойынша ықтимал төлемдерді ескере отырып жобаны іске асырудың бюджеттік тиімділігін талдау;

жоба тәуекелдерін және оларды төмендету жөніндегі шараларды талдау;

тұжырымдар мен ұсынымдар.

Қорғаныс, қауіпсіздік пен құқықтық тәртіпті қамтамасыз ету мұқтаждарына арналған әскери мақсаттағы тауарларды (өнімдерді), қосарланған мақсаттағы (қолданыстағы) тауарларды (өнімдерді), әскери мақсаттағы жұмыстарды және

әскери мақсаттағы көрсетілетін қызметтерді импорттау кезінде инвестициялық жоба сараптамасының қорытындысы орталық және арнаулы мемлекеттік органдардың салалық оң қорытындыларының болуын бағалауды қамтиды.

Ескерту. 23-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық экономика министрінің м.а. 21.07.2021 № 70 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

24. Автомобиль жолдарын қалпына келтіру жөніндегі инвестициялық жоба сараптамасының қорытындысында:

Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасы шеңберінде жобаны іске асыруды талдау;

жобаны іске асырудың әлеуметтік-экономикалық тиімділігін талдау;

мемлекеттік кепілдіктер бойынша ықтимал төлемдер ескеріле отырып, жобаны іске асырудың бюджеттік тиімділігін талдау;

жоба тәуекелдерін және оларды азайту жөніндегі шараларды талдау;

тұжырымдар мен ұсынымдар қамтылады.

Ескерту. Талаптар 24-тармақпен толықтырылды - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Ұлттық экономика министрінің 31.05.2024 № 27 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Мемлекеттік кепілдіктер беру үшін
инвестициялық
жобаның техникалық-экономикалық
негіздемесін
әзірлеуге немесе түзетуге, сондай-ақ
қажетті
сараптамалар жүргізуге қойылатын
талаптарға қосымша

Ескерту. Талаптар 1-қосымшамен толықтырылды - ҚР Ұлттық экономика министрінің м.а. 15.12.2015 № 775 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Мемлекеттік кепілдік беру негіздемесі есептеулерінде ұсынылатын коэффициенттер тізбесі

1. Қарыз алушының қаржылық есептілігін осындай коэффициенттердің нормативтік мәндеріне және олардың серпіндегі өзгерістеріне сәйкестігі (ауытқуы) тұрғысынан қаржылық көрсеткіштерді (коэффициенттерді) жинақтау көмегімен зерделеу коэффициенттік талдауды білдіреді.

Коэффициенттік талдау жүргізу үшін қарыз алушының қаржылық есептілігінің барлық нысандарынан алынатын деректер қабылданады.

2. Өтімділік коэффициенттері – қарыз алушының қолда бар ағымдағы (айналымдағы) активтер есебінен ағымдағы берешегін өтеу қабілетін айқындау

үшін есептелетін қаржылық көрсеткіштер. Бұл ретте қарыз алушының ағымдағы берешектерінің шамасын және оның осы берешектерді өтеуді қамтамасыз етуге тиіс айналымдағы қаражатына салыстыру жүргізіледі.

3. Ағымдағы өтімділік коэффициенті (current ratio, CR) қарыз алушының қолда бар айналымдағы қаражаты есебінен қысқа мерзімді міндеттемелерді орындай алатын ағымдағы қабілетін сипаттайды. Ол мынадай формула бойынша есептеледі:

$$CR = \frac{CA}{CL}.$$

мұндағы:

CA – ағымдағы активтер;

CL – ағымдағы міндеттемелер.

Ұсынылып отырған CR мәні: 1 – 2. (қаржы ұйымдарынан басқа) <1 мәні төлем қабілетін жоғалту ықтималдығын, >4 мәні – қарыз қаражатын пайдалану белсенділігінің жеткіліксіздігін және оның салдары ретінде меншікті капитал рентабельділігінің аз мәнін айғақтайды.

4. Меншікті қаражатпен қамтамасыз етілу коэффициенті (Own Funds Ratio, OFR) оның қаржылық орнықтылығын қамтамасыз ету үшін қажетті қарыз алушының айналымдағы меншікті қаражатының бар екенін сипаттайды. Ол мынадай формула бойынша есептеледі:

$$OFR = \frac{EC - FA}{CA},$$

мұндағы:

EC – меншікті капитал;

FA – айналымнан тыс активтер;

CA – ағымдағы активтер.

Ұсынылып отырған OFR мәні: >0,1 (қаржы ұйымдарынан басқа). Егер есепті кезеңнің соңындағы коэффициенттің мәні <0,1 болса, қаржылық емес қарыз алушы балансының құрылымы қанағаттанарлықсыз, ал қарыз алушының төлемге қабілетсіз деп танылады.

5. Рентабельділік коэффициенттері – қаражатты қарыз алушыға салудың жалпы тиімділігін бағалауға арналған және шығындардан болатын қайтарымдылық деңгейі мен қаражатты пайдалану дәрежесін сипаттайды.

6. Активтердің рентабельділік коэффициенті (return on assets, ROA) қарыз алушының активтеріне жұмсалған әрбір теңгеге қанша таза пайда келгенін айғақтайды. Ол мынадай формула бойынша есептеледі:

$$ROA = \frac{NI}{TA} \cdot 100\%.$$

мұндағы:

NI – таза пайда;

TA – активтердің орташа жылдық сомасы.

Ұсынылып отырған ROA мәні: көрсеткіштің өсіп келе жатқан мәні (серпінінде) қарыз алушы активтерінің пайда туындату қабілетін айғақтайды.

7. Меншікті капиталдың рентабельділік коэффициенті (return on equity, ROE) өз капиталының бірлігінен қарыз алушының қанша таза пайда алатынын көрсетеді. Ол мынадай формула бойынша есептеледі:

$$ROE = \frac{NI}{EC} \cdot 100\%.$$

мұндағы:

NI – таза пайда;

EC – меншікті капиталдың орташа жылдық сомасы.

Ұсынылып отырған ROE мәні: саласына қарай әртүрлі, сонымен қатар, коэффициент мәнінің жоғарылығы оң бағаланады, өйткені капиталға авансталған әрбір теңгеге келетін таза пайданы айғақтайды.

8. Қарыз капиталының рентабельділік коэффициенті, қаржылық тетіктің әсері (degree of financial leverage, DFL) қарыз капиталын пайдалану тиімділігін сипаттайды. Ол мынадай формула бойынша есептеледі:

$$DFL = (ROA_{EBIT} - WACLPR) \cdot (1 - TRP/100 * LC/EC,)$$

мұндағы:

ROA_{EBIT}– EBIT бойынша активтердің рентабельділігі;

WACLPR – қарыз капиталының орташа өлшемделген бағасы (кредит үшін пайыздар мөлшерлемесінің орташа мөлшері);

TRP – пайдаға салынатын салық мөлшерлемесі;

LC – қарыз капиталының орташа сомасы;

EC – меншікті капиталдың орташа сомасы.

Ұсынылып отырған DFL мәні: DFL мәні жоғары болған сайын, қарыз капиталына тиесілі пайда да арта береді деп пайымдалады.

9. Инвестициялар рентабельділігі коэффициенті (return on investment, ROI) жобаға жұмсалған ақша қаражатының сомасына қайтарымдылықты көрсетеді. Ол мынадай формула бойынша есептеледі:

$$ROI = \frac{NI}{IC} \cdot 100\% = \frac{NI}{EC + LTL} \cdot 100\%.$$

мұндағы:

NI – таза пайда;

IC - инвестицияланған капитал;

EC – меншікті капиталдың орташа жылдық сомасы;

LTL – ұзақ мерзімді міндеттемелер.

Ұсынылып отырған ROI мәні: коэффициенттің мәні жоғары болған сайын, инвестициялар неғұрлым тиімдірек пайдаланылады.

10. Төлем қабілеттілігінің (ұзақ мерзімді перспективадағы қаржылық орнықтылық) коэффициенттері қарыз алушының қаржы ресурстарының жағдайын және олардың жол берілетін тәуекел деңгейі жағдайында төлем қабілеттілігі сақталған кезде оның іскерлік белсенділігінің өсуін қамтамасыз ету қабілетін сипаттайды.

11. Қаржылық тәуелсіздік коэффициенті (equity to total assets, EtTA) авансталған қаражаттың жалпы сомасындағы меншікті капиталдың үлесін сипаттайды. Коэффициенттің мәні жоғары болған сайын, кәсіпорын қаржылық жағынан неғұрлым орнықты және сыртқы кредиторлардан тәуелсіз болады. Ол мынадай формула бойынша есептеледі:

$$EtTA = \frac{EC}{TA}.$$

мұндағы:

EC – меншікті капитал;

TA – активтер сомасы.

Ұсынылып отырған EtTA мән: бұл көрсеткіш үшін нормативтік мән 0,6-ге тең (қаржы ұйымдарынан басқа).

12. Қаржылық левередж коэффициенті (debt ratio, DR) кәсіпорынның қаржылық тәуекеліне тікелей пропорционалды және кәсіпорынның активтерін қаржыландыру көздеріндегі қарыз қаражатының үлесін көрсетеді. Ол мынадай формула бойынша есептеледі:

$$DR = \frac{LC}{EC},$$

мұндағы:

LC – қарыз капиталы;

EC – меншікті капитал.

Ұсынылып отырған DR мәні: диапазонда: 0,5 - 0,8 (қаржы ұйымдарынан басқа).

13. Кредиттердің пайдамен қамтамасыз етілу коэффициенті (percentage of loans profit, PLP) кәсіпорынның кредиттер бойынша борыштарды өтеу мүмкіндігін бағалау үшін қолданылады. Ол мынадай формула бойынша есептеледі:

$$PLP = \frac{EBIT + A}{CL + LTL},$$

мұндағы:

EBIT – салықтар мен пайыздар төленгенге дейінгі пайда;

A – амортизация;

CL – қысқа мерзімді міндеттемелер;

LTL – ұзақ мерзімді міндеттемелер.

Ұсынылып отырған PLP мәні: көрсеткіштің өсіп келе жатқан мәні (серпінінде) кредит төлеу қабілетімен байланысты жағдайдың жақсарғанын айғақтайды.

14. Пайыздарды жабу коэффициенті (times interest earned, TIE) ол пайыздар төлеміне қызмет көрсете алатын кәсіпорынның операциялық пайдасын төмендетудің ықтимал дәрежесін көрсетеді. Ол мынадай формула бойынша есептеледі:

$$TIE = \frac{EBIT}{PP},$$

EBIT – салықтар мен пайыздар төленгенге дейінгі пайда;

PP – төленетін пайыздар.

Ұсынылып отырған мәні: >1 (қаржы ұйымдарынан басқа).

15. Қайтарымдылық коэффициенттері тартылған ресурстарды пайдалану қарқындылығын көрсетеді.

16. Дебиторлық берешектің қайтарымдылық коэффициенті (receivables turnover, RT) бір кезеңнің ішінде дебиторлық берешектің орташа есеппен неше

рет ақша қаражатына айналғандығын көрсетеді. Ол мынадай формула бойынша есептеледі:

$$RT = \frac{NS}{AR},$$

NS – өнімді сатудан түскен пайда;

AR – дебиторлық берешектің орташа жылдық құны.

Ұсынылып отырған мәні: көрсеткіш мәнінің жоғарылығы. Коэффициенттің төмен мәні дебиторлардан қаражатты өндіріп алудың күрделі екенін, тиісінше қарыз алушының айналым капиталына қажеттілігінің артатынын айғақтайды. Бұл көрсеткіштің мәндерін трендінде қараған маңызды.

17. Кредиторлық берешектің қайтарымдылығы коэффициенті (payables turnover, PT)

$$PT = \frac{NS}{AP},$$

NS – өнімді сатудан түсетін пайда;

AP – кредиторлық берешектің орташа жылдық құны.

Ұсынылып отырған мән: көрсеткіш мәнінің жоғарылығы. Көрсеткіш мәнінің төмендігі бір жағынан кредиторларға ақы төлеу проблемаларын, екінші жағынан кредиторлармен тиімді түрде жолға қойылған қатынастарды айғақтауы мүмкін. Бірінші себепті нұсқаны болдырмау мақсатында коэффициенттің мәнін серпінінде талдау қажет.